

Мазмұны:

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі	4-5
Директорлар кеңесі	8-9
Басқарма	10-11
Департаменттердің басшылары	12-13
Корпоративтік басқару	14
Акционерлер және капитал	16-17
Қазақстан Республикасының экономикасы мен банк секторының 2009 жылғы дамуына шолу	18-19
Банк секторы	20-21
ЦентрКредит Банкінің 2009 жылғы қызметіне шолу	21
Активтер	22
Капитал	22
Пайдалылық	23
Несие	24-25
Бөлшекті несие беру	26
Депозиттер	28
Халықаралық қатынастар	29-30
Құжаттамалық бизнес және саудалық қаржыландыру	30
Қор және банкаралық нарықтардағы операциялар	31
Кастодиандық қызмет	33
«Интернет-банкинг» жүйесі	34
«Үйдегі банкинг» жүйесі	34
Western Union халықаралық ақша аударымдар жүйесі	34
Жедел аударымдар	35
Жедел түсім	35
Жол чектері бойынша операциялар	35
Ақпараттық анықтамалық қызмет көрсету және телефондық банкинг	36
Төлем карточкалары	37
Қызметкерлер	37
Ақпараттық технологиялар	38
Банктің өткізу желісі	40
«BCC INVEST» АҚ	40-41
«Капитал» ЖЗҚ АҚ	42
«Центр Лизинг» ЖШС	43
«Банк БЦК-Мәскеу» ЖШҚ	44-51
Тәуелсіз аудиторлардың есебі	52-53
ЦентрКредит Банкінің 2009 жыл ішіндегі басты оқиғалары	



Содержание:

Обращение Председателя Совета Директоров	6-7
Совет Директоров	8-9
Правление	10-11
Руководители Департаментов	12-13
Корпоративное управление	54
Акционеры и капитал	56-57
Обзор развития экономики и банковского сектора Республики Казахстан в 2009 году	58-59
Банковский сектор	60-61
Обзор деятельности Банка ЦентрКредит в 2009 году	61
Активы	62
Капитал	62
Рентабельность	63
Кредиты	64-65
Розничное кредитование	66
Депозиты	68
Международные отношения	69-70
Документарный бизнес и торговое финансирование	70
Операции на фондовом и межбанковском рынках	71
Кастодиальная деятельность	72
Система «Интернет-Банкинг»	74
Система «Домашний Банкинг»	74
Система международных денежных переводов Western Union	74
Быстрые переводы	74
Быстрая выручка	75
Операции с дорожными чеками	75
Информационно-справочное обслуживание и телефонный банкинг	75
Платежные карточки	76
Персонал	77
Информационные технологии	77
Сбытовая сеть Банка	78
АО «BCC INVEST»	80
АО НПФ «Капитал»	80-81
ТОО «Центр Лизинг»	82
ООО «Банк БЦК-Москва»	83
Отчет независимых аудиторов	84-91
Основные события Банка ЦентрКредит в 2009 году	92-93



**«Банк ЦентрКредит» АҚ
Директорлар кеңесі төрағасы
Б.Р. Байсейітовтің үндеуі**

Құрметті акционерлер!

Есепті жыл дүниежүзілік экономикалық дағдарыс жағдайында өтті және тұтастай банк жүйесінің белсенділігінің төмендеуімен сипатталды.

Республикамыздың банк секторының жиынтық активтері 2009 жылы 3%-ға төмендеді, жиынтық активтердің ЖІӨ қатынасы 72,7% құрады, экономиканы несиелендіру 2009 жылы ЖІӨ-нің 48,1%-нан аздап қана асты. Банктердің несиелендіру портфельдерінің сапасы нашарлап, резервтік қорларды арттыруды қажет етті. 2010 жылғы 1 қаңтардағы мәліметтер бойынша қарыздар бойынша жасақталған провизия көлемі 2 605,7 млрд. теңгеге немесе 3,5 есе артты. «БТА Банк» АҚ және «Альянс Банк» АҚ меншікті капиталдарының азаюына байланысты Қазақстанның банк секторы капиталының банктердің тұрақтылығына ықпал ететін шынайы көрсеткіштері негізінен теріс мәнге ие болды.

Әйтсе де, банк жүйесіне деген сенім жоғалған жоқ. 2010 жылғы 1 қаңтардағы мәліметтер бойынша жеке адамдар мен заңды тұлғалар банктерге сеніп тапсырған салымдардың жалпы сомасы 2009 жылы 30,8%-ға артып, 6 003 млрд. теңгені құрады. Соның ішінде жеке адамдардың салымдары 1 937 млрд. теңгені (2009 жылғы өсімі – 29,02%), заңды тұлғалардың салымдары 4 066 млрд. теңгені құрады (сәйкесінше өсімі – 31,7%).

Сыртқы жағдайлардың жағымсыз болғанына қарамастан, ЦентрКредит Банкі оң нәтижелерге қол жеткізді. 2009 жылдың қорытындысымен Банк жиынтық активтерінің мөлшері бойынша 4-орынды, меншікті капиталы бойынша 4-орынды иеленді. Активтердің өсімі 23,4%, жиынтық шамасы 1 160 млрд. теңгені құрады. 2009 жылы орын алған қиын жағдайларда Банк ұстанған байсалды саясат 3,5 млрд. теңге мөлшерінде таза пайда алуға мүмкіндік берді.

2009 жылы Қазақстанның банк жүйесіндегі банктік есепшоттардағы ақша қалдығы 29,1%-ға артса, жеке тұлғалардың Банктегі қаражаты 44,6%-ға артты. Соның нәтижесінде осы жыл ішінде Банктің осы нарықтағы үлесі 13,22%-дан 14,8%-ға дейін өсті.

Банк шағын және орта бизнесті қаржыландыру бойынша Қазақстанда жетекші орындардың бірін иеленеді. Банктің несиелендіру портфеліндегі ірі корпоративтік клиенттердің үлесі шамамен 23% құрайды. Экономиканың құрылыс саласын қаржыландыру қарқыны бәсеңдесе де, сауда және қызмет көрсету сияқты басқа экономика салаларында банк белсенділігін сақтап қалды.

Пайда болуы мүмкін тәуекелдіктерді өтеу үшін Банк жеткілікті дәрежеде резервтік қор жасақтады. «Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының провизия деңгейі 2009 жылы 7%-дан 9%-ға дейін (ҚЕХС бойынша) артты және абсолютті шамада 67 млрд. теңгені құрады. Осыған байланысты Банктің несиелер бойынша туындауы мүмкін шығынды өтеуге мүмкіндігі мол.

2009 жылы Банктің капиталы 3,2%-ға артып, 2010 жылғы 1 қаңтарда 97,6 млрд. теңгені құрады.

2010 жылы ірі шетелдік қатысушы Kookmin банкінің Банк капиталындағы үлесі 30,5%-дан 41,93%-ға дейін артты және капиталдағы 10% үлесімен акционерлердің құрамына қосымша жаңа қатысушы – Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC) кірді.

Халықаралық банк мәртебесі, Қазақстан экономикасының қалпына келу және даму бағытындағы жағымды ағымдар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңа белсенді экономикалық саясаты ЦентрКредит Банкінің 2010 жылы сәтті бәсекелес дамуына, қызмет аясын кеңейтуіне және барлық салаларын жетілдіретуіне мүмкіндік беретініне сенімім мол.

Ынтымақтастығыңыз үшін алғысымды білдіремін.



«Банк ЦентрКредит» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы
Байсейітов Б. Р.

**Обращение Председателя
Совета Директоров
АО «Банк ЦентрКредит»
Байсеитова Б.Р.**



Уважаемые акционеры!

Отчетный год проходил в сложных условиях мирового экономического кризиса и характеризовался снижением активности банковской системы в целом.

Совокупные активы банковского сектора республики в 2009 году уменьшились на 3%, отношение совокупных активов к ВВП составило 72,7%, кредитование экономики в 2009 году едва превысило 48,1 ВВП. При этом ухудшалось качество ссудного портфеля банков, что потребовало увеличения уровня резервирования. Объем провизий по займам по состоянию на 1 января 2010 года увеличился на 2 605,7 млрд. тг. или в 3,5 раза. Показатели адекватности капитала казахстанского банковского сектора, в целом работающие на устойчивость банков, показали отрицательное значение, преимущественно в связи с уменьшением собственного капитала в АО «БТА Банк» и АО «Альянс Банк».

Вместе с тем доверие к банковской системе сохранилось. Общая сумма вкладов, привлеченных банками от физических и юридических лиц, составила на 1 января 2010 года 6 003 млрд. тенге, увеличившись за 2009 год на 30,8%, в том числе сумма вкладов физических лиц составила 1 937 млрд. тенге (рост за 2009 год на 29,02%), юридических лиц – 4 066 млрд. тенге (рост на 31,7% соответственно).

Несмотря на неблагоприятные внешние обстоятельства, Банк ЦентрКредит достиг позитивных результатов. По итогам 2009 года Банк занимает 4 место по размеру суммарных активов и 4 место по собственному капиталу. Рост активов составил 23,4%, что в суммарном выражении составляет - 1 160 млрд. тенге. Взвешенная политика Банка позволила в достаточно сложных условиях 2009 года получить чистую прибыль в размере 3,5 млрд. тенге.

Остатки на банковских счетах физических лиц за 2009 год выросли на 44,6%, в то время как остатки на банковских счетах в банковской системе Казахстана в этот же период увеличились на 29,1%. Как следствие, доля Банка на рынке выросла за год с 13,22 до 14,8%

Банк занимает лидирующие позиции в Казахстане в финансировании малого и среднего бизнеса. Крупные корпоративные клиенты также занимают значительную долю в кредитном портфеле – около 23%, вместе с тем происходит естественное снижение финансирования строительного сектора экономики, в таких отраслях экономики, как торговля и услуги, банк сохранил активность.

При этом Банк формирует достаточный уровень резервов для покрытия возможных рисков. Уровень провизий у АО «Банк ЦентрКредит» в 2009 году увеличился с 7 до 9% (по МСФО) и в абсолютном выражении составил 67 млрд.тенге. Таким образом, в Банке имеются достаточные возможности абсорбировать возможные убытки по кредитам.

В 2009 году капитал Банка вырос на 3,2% и составил на 1 января 2010 года 97,6 млрд. тенге.

В марте 2010 года доля крупного иностранного участника, Kookmin Bank, в капитале Банка увеличилась с 30,5% до 41,93%, дополнительно в состав акционеров вошел новый участник – Международная финансовая корпорация (IFC) с долей 10% в капитале, что придает ЦентрКредиту дополнительные возможности в организации международного межбанковского сотрудничества и расширении опыта в этой сфере.

Статус международного банка, позитивные тенденции восстановления и роста казахстанской экономики, активная новая экономическая политика Правительства Республики Казахстан, уверен, позволят Банку ЦентрКредит в 2010 году продолжить успешное конкурентное развитие, расширение и совершенствование всех сфер деятельности.

Благодарю за сотрудничество.



Председатель Совета Директоров
АО «Банк ЦентрКредит»
Байсеитов Б. Р.



*Директорлар кеңесі
Совет директоров*

Байсейітов Бақытбек Рымбекұлы

Директорлар кеңесінің төрағасы

Байсеитов Бахытбек Рымбекович

Председатель Совета директоров

Yang Cheon Sik

Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор

Yang Cheon Sik

Член Совета директоров- независимый директор

Шалғымбаева Галина Николаевна

Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор

Шалгимбаева Галина Николаевна

Член Совета директоров- независимый директор

Ли Владислав Сединович

Директорлар кеңесінің мүшесі

Ли Владислав Сединович

Член Совета директоров

Choe Dong Soo

Директорлар кеңесінің мүшесі

Choe Dong Soo

Член Совета директоров

Аманқұлов Жұмагелді Рақышұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі

Аманкулов Джумагельди Рахишевич

Член Совета директоров

Еркеғұлов Нұртай Шайқыұлы

Корпоративтік хатшы

Иркегулов Нуртай Шайхиевич

Корпоративный секретарь



Басқарма Правление

Ли Владислав Сединович

Банктің Басқарма төрағасы

Ли Владислав Сединович

Председатель Правления Банка

Yoon Jae Kwan

Басқарма төрағасының орынбасары

Yoon Jae Kwan

Заместитель председателя Правления

Әлжанов Мақсат Қабыкенұлы

Басқарма төрағасының орынбасары

Альжанов Максат Кабыкенович

Заместитель председателя Правления

Jung Yoon Sik

Басқарма төрағасының орынбасары

Jung Yoon Sik

Заместитель председателя Правления

Әділханов Бұлан Әділханұлы

Басқарма төрағасының орынбасары

Адилханов Булан Адилханович

Заместитель председателя Правления

Shim Moo Gil

Басқарма төрағасының орынбасары

Shim Moo Gil

Заместитель председателя Правления

***Департаменттердің басшылары
Руководители Департаментов***



Әбішев Мұрат Мейірханұлы

Қаржы департаменті

Бендюк Лидия Борисовна

Адам ресурстары департаменті

Вон Галина Доннеровна

Бизнес-процестер департаменті

Дәуітбаев Әсет Радылқанұлы

Корпорациялық қаржы департаменті

Ермаханов Ерлан Әмірбекұлы

Шағын және орта бизнес департаменті

Ишмұратов Тимур Жақсылықұлы

Халықаралық қатынастар департаменті

Қайнарбекова Ғалия Қанатқызы

Бухгалтерлік есеп жүргізу және есепшілік департаменті

Кенжеханов Марат Төлеуғазыұлы

Бөлшекті бизнес департаменті

Лим Анатолий Юрьевич

Қазынашылық департаменті

Мұхаметжанов Азамат Болатұлы

Стратегиялық жоспарлау
және маркетинг департаменті

Нұрғазин Мұрат Маралұлы

Бизнесі қолдау және дамыту департаменті

Савченко Владимир Александрович

Заң департаменті

Тастанбеков Бақытжан Бахадырұлы

Қауіпсіздік департаменті

Harm Yeong Tak

Банк карточкалары департаменті

Шаяхметова Күләш Ізмағзамқызы

Әкімшілік департаменті

Yoon Chan Ho

Ақпараттық технологиялар департаменті

Абишев Мурат Мейрханович

Финансовый департамент

Бендюк Лидия Борисовна

Департамент человеческих ресурсов

Вон Галина Доннеровна

Департамент бизнес-процессов

Даутбаев Асет Радылканович

Департамент корпоративных финансов

Ермаханов Ерлан Амирбекович

Департамент малого и среднего бизнеса

Ишмуратов Тимур Жаксылыкович

Департамент международных отношений

Кайнарбекова Галия Канатовна

Департамент бухгалтерского учета и отчетности

Кенжеханов Марат Тулеуғазыевич

Департамент розничного бизнеса

Лим Анатолий Юрьевич

Департамент казначейства

Мухаметжанов Азамат Болатович

Департамент стратегического
планирования и маркетинга

Нургазин Мурат Маралович

Департамент поддержки и развития бизнеса

Савченко Владимир Александрович

Юридический департамент

Тастанбеков Бахытжан Бахадирович

Департамент безопасности

Harm Yeong Tak

Департамент банковских карточек

Шаяхметова Куляш Измағзамовна

Административный департамент

Yoon Chan Ho

Департамент информационных технологий



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Акционерлердің 2009 жылғы 30 сәуірдегі жылдық жалпы жиналысында 2008 жыл бойынша Басқарманың есептілігі, жылдық қаржы есептілігі бекітілді, таза табысты бөлу, Банктің Жарғысына және Корпоративтік басқару кодексіне өзгерістер енгізу туралы шешім қабылданды, Директорлар кеңесінің мүшелеріне төлем жасау тәртібі мен оның мөлшері белгіленді, Банктің есептік комиссиясының сандық құрамы және өкілеттік мерзімі айқындалды.

2009 жылғы қазан айында сырттай дауыс беру арқылы жүргізілген акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының нәтижелері шығарылды. Акционерлер орналастырылмаған жарияланған акциялардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдады, жай акцияларға айырбасталатын артықшылықты акцияларды айырбастау талаптары мен тәртібі белгіленді, Банктің Жарғысына енгізілетін өзгерістер бекітілді.

Банктің Директорлар кеңесі Банк қызметіндегі басым бағыттар мәселелері бойынша 22 хаттамалық шешім, 294 қаулы қабылдады, оларды атап айтсақ: Банктің несиелік, тарифтік және депозиттік саясаты бойынша, облигация шығару

арқылы міндеттемелерді ұлғайту туралы, Банктің өкілдіктерін ашу туралы және тек Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын Банк қызметін жалпы басқару бойынша басқа мәселелер жөнінде ішкі құжаттар мен процедуралар бекітілді.

Директорлар кеңесінде 4 комитет қызмет етеді: Активтерді және міндеттемелерді басқару жөніндегі комитет (АЛКО), Несие комитеті, Аудит жөніндегі комитет, Сыйақы және тағайындау жөніндегі комитет.

Директорлар кеңесінің мүшелері Банк Басқармасының мәжілістеріне қатысады, комитеттер мен басқа жұмыс органдарының жұмысына белсенді түрде араласады.

АЛКО комитеті 2009 жыл бойынша 12 жоспарлық және 15 кезектен тыс отырыс өткізді, қорларды бөлу және тарту бойынша баланстық көрсеткіштер болжамы (көлемі, валютасы және мерзімдері), өнімдер бойынша кеңестер, әр түрлі сценарийлер бойынша стресс-тестер, макроэкономикалық шолулар, бәсекелес банктерге талдау жасау және мониторинг жүргізу, валюталық және пайыздық тәуекелдік жөніндегі материалдар мен т.б. жөнінде 166 мәселе қаралды.

Несие комитеті 2009 жылы 90 от-

ырыс өткізді, оның ішінде 473 мәселе қарастырылды. Негізгі мәселелер: заңды және жеке тұлғаларды несиелендіру және қаржыландыру талаптарын өзгерту, несиелендіру лимитін белгілеу және т.б.

Есепті кезең ішінде қаржылық есепті ұсыну процесін және оның нақтылығын тиімді бақылау, ішкі бақылау жүйесінің қызметін қадағалау, аудиторлық (ішкі және сыртқы) тексеріс жүргізуді бақылау және оған мониторинг жүргізу, Банктің және оның еншілес компанияларының комплаенс-тәуекелдігін тиісті басқаруын қамтамасыз ету бойынша функцияларды іске асыру мақсатында Аудит жөніндегі комитеттің 6 отырысы өткізілді.

«Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеті бір отырыс өткізді.

Банктің атқарушы органы – Басқарманың 2009 жылы 31 отырысы өткізілді, басқарушылық есептілік мәселесі бойынша 18 отырыс жүргізілді. Басқарманың 665 шешімі қаралды және қабылданды.

Банк акционерлерінен 2009 жылы шағым түскен жоқ.





Кебеже – азық-түлік сақтауға арналған қобдиша. XX ғ. басы.

[410-пр]

Халық шебері

Ағаш, тегіс рельефті ою.

45x48x88

Кебеже – ларь для хранения продуктов. Начало XX в.

[410-пр]

Народный мастер

Дерево, плоскорельефная резьба.

45x48x88

АКЦИОНЕРЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ

2009 жылғы 25 қыркүйекте Kookmin Bank Co Ltd, «Банк Центр-Кредит» АҚ акционерлері және Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC) арасында келісім жасалды, соған сәйкес Kookmin Bank Co Ltd үлесін 41,9% дейін ұлғайту және Халықаралық қаржы корпорациясының (IFC) БЦК шығарған және төлеген акциялардың барлық мөлшерінің 10% сатып алуы жоспарланды.

Осы келісім аясында 2009 жылдың қазан айында «Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысында сырттай дауыс беру арқылы Банктің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрлерін өзгерту туралы шешім қабылданды. 2009 жылғы қарашада ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігі «Банк ЦентрКредит» АҚ акция шығарылымының жобасына енгізілген өзгертулерді тіркеді, соған сәйкес шығарылым 260 750 745 жай акцияларға және жай акцияларға айырбасталатын 39 249 255 артықшылықты акцияларға бөлінді.


2009 жылғы желтоқсанда «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесі 17 976 269 жай акцияларды және жай акцияларға айырбасталатын 39 249 255 жаңадан шығарылған артықшылықты акцияларды орналастыру туралы шешім қабылдады.

Банктің 2010 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша орналастырылған акцияларының 5 және одан көп пайызын иеленетін акционерлер:

Байсейітов Б.Р.	36,39 %
Kookmin Bank Co Ltd.	30,52 %


2010 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша орналастырылған жай акциялардың саны 144 534 154 дананы, артықшылықты акциялар 65 217 дананы құрады, жарғылық капитал 52 619,2 млн. теңге сомасында төленді.

Акционерлердің жарғылық капиталдағы үлесі, %



Банктің 2010 жылғы 1 қаңтардағы меншікті капиталы 154 059 млн. теңгені құрады.

Меншікті капиталының құрамы	млн. теңге
жарғылық капитал	52 619
реттелген борыш	50 643
мерзімсіз еурооблигациялар	14 733
2009 жыл бойынша таза пайда	1 424
өткен жылдардағы резервтер мен табыс	34 640



- Жарғылық капитал
- Реттелген борыш
- Мерзімсіз еурооблигациялар
- 2009 ж. бойынша таза пайда
- Өткен жылдардағы резервтер мен табыс

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ЖӘНЕ БАНК СЕКТОРЫНЫҢ 2009 ЖЫЛҒЫ ДАМУЫНА ШОЛУ

Макроэкономикалық шолу

Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің деректері бойынша 2009 жылғы жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) өндірісінің көлемі 15 888 млрд. теңгеге жетті, іс жүзіндегі өсімі 1,2% (2008 ж. – 3%) құрады. Инфляция 2009 жылы 6,2% құрады, бұл көрсеткіш өткен жылы 9,5% болды.

Қазақстан Республикасының ЖІӨ



Тау-кен өндіру өнеркәсібінде өндіріс көлемі 2008 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 6,1%-ға өскен, газ конденсатын қоса алғанда, мұнай өндіру көлемі 8,1%-ға ұлғайды, табиғи газды өндіру көлемі 8,6% құрады, көмір өндіру 7,4%-ға азайды, өңдеу өнеркәсібін өндірісі 4,5%-ға азайды.

Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 2009 жылғы ағымдағы бағалар бойынша 1620,3 млрд. теңгені құрап, 2008

жылмен салыстырғанда 13,8%-ға ұлғайды.


2009 жыл бойынша Қазақстанның ЖІӨ құрылымында тауар өндіру үлесі 43,4%-ды, қызмет көрсету 55,5%-ды құрады. Қазақстанның ЖІӨ қызмет өндірісінің басым болуы алғашқы рет 2002 жылы белгіленді. Көрсетілген беталыс әлемдік ЖІӨ өндіру және тұтыну құрлымына сай.

2009 жыл бойынша бөлшекті тауар айналымының көлемі (қоғамдық тамақтануды есептеме-

генде) 2525,2 млрд. теңгені құрап, 2008 жылмен салыстырғанда 3,9%-ға төмендеді; осы көрсеткіш халықтың төлем қабілеттігін және тұтынушылық сипатын көрсетеді.

2010 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша заңды тұлғалардың саны 298 028 (2009 жылғы 1 қаңтарда – 176 717) құрады, сәйкесті өткен кезеңмен салыстырғанда 5%-ға өсті.


ҚР заңды тұлғалар (мың)



Кедендік статистика деректері бойынша Қазақстанның сыртқы сауда айналымы 2009 жылы 63 млрд. АҚШ долларын құрады және 2008 жылмен салыстырғанда 37,8%-ға төмендеді, оның ішінде экспорт – 37,6 млрд АҚШ доллары (43,8%-ға төмендеді), импорт – 25,4 млрд АҚШ доллары (25,9%-ға төмендеді).

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мәліметтері бойынша мемлекеттік бюджеттің табысы 2010 жылғы 1 қаңтарда 3 505,3 млрд. теңгені құрады, 13,1 %-ға кеміді. Шығындар бойынша бюджетті орындау 3 746,8 млрд. теңгені құрады. Бюджеттің тапшылығы ЖІӨ 492,7 млрд. теңгенің немесе 3,1 % деңгейінде құралды.

Қор капиталына жасалған инвестициялар



Негізгі капиталға инвестиция құю көлемі 2009 жылы 4 546,9 млрд. теңгені құрады, бұл 2008 жылға қарағанда 2,1%-ға көп.

2009 жылы Standard&Poor's және Fitch агенттігі Қазақстан Республикасының рейтинг бойынша болжамын «Кері» рейтингтен «Тұрақты» рейтинг деңгейіне көтерді.

Қазақстандық қаржы нарығының серпінділігіне және конъюнктурасына әсер еткен ең маңызды факторлар:

- ұлттық валютаның құнсыздануы;
- экономиканың әр түрлі секторларын және, әсіресе, екінші деңгейлі банктерді қолдау бойынша мемлекеттік дағдарысқа қарсы шаралар;
- Қазақстандық компаниялардың қаржы жағдайының нашарлауына байланысты олардың міндеттемелері бойынша дефолт мөлшерлерінің өсуі;
- әлемдік шикізат нарығындағы қазақстандық экспортерлардың өніміне салыстырмалы жоғары бағалардың оң әсері;
- дүниежүзілік қор нарығында индекстердің өзгеруінің оң серпіні.

Банк секторы

Республиканың банк секторының жиынтық активтері 2009 жылы 3%-ға кеміді және 2008 жылғы 11 889,6 млрд. теңгемен салыстырғанда 11 557 млрд. теңгені құрады.

Көрсеткіштер	2005 ж.	2006ж.	2007 ж.	2008 ж.	2009 ж.
ЖІӨ, млрд. тг.	7 519	10 214	12 850	15 907	15 888
ЖІӨ-активтер, %	60,0	86,9	90,1	74,7	72,7
ЖІӨ-несиелер, %	40,7	58,7	69,0	58,1	60,7
ЖІӨ-капитал, %	5,9	8,6	11,1	9,1	6,2
ЖІӨ-депозиттер, %	33,9	46,5	53,5	43,2	37,8

Банктік белсенділік соңғы үш жылда ең төмен деңгейге дейін төмендеді – жиынтық активтердің ЖІӨ-ге қатынасы 72,7% құрады, 2009 жылы экономиканы несиелеу ЖІӨ-нің 48,1% болар-болмас асты.

Банкаралық қарыздарды есепке алғанда, банктердің несиелер портфелі 2010 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша 9 638 млрд. теңгеге жетті (2009 жыл бойынша өсім 4,1%). Экономикаға салынатын несиелер (жеке тұлғаларды есептемегенде) бір жыл ішінде 484 млрд. теңгеге немесе 6,3%-ға ұлғайып, 7 644 млрд. теңгені құрады. Стандарт қарыздар 1 528,1 млрд. теңгеге (-38,4%), күмәнді қарыздар 623,1 млрд. теңгеге (-12,8%) кеміді, үмітсіз қарыздар 2 545,6 млрд. теңгеге (7,3 есе) ұлғайды.

Бұл кезде қаржыландырудың ұлғаюы тек ауыл шаруашылығы саласында 12,3%-ға өсті, басқа салаларда төмендеу байқалды: көлік - 31,0%, өнеркәсіп – 3,6%; өндіріске жатпайтын сала – 3,7%; сауда – 6,1%; құрылыс – 1,7%.

Несие портфелі сапасының на-

шарлауына байланысты әлуетті шығындарды өтеу үшін резерв құру деңгейін көтеру қажет. 2010 жылғы 1 қаңтардағы қарыздар бойынша өнім көлемі 2 605,7 млрд. теңгеге немесе 3,5 есе ұлғайды.


«БТА Банк» АҚ және «Альянс Банк» АҚ меншікті капиталдарының азаюына байланысты Банк секторы капиталының Банктердің тұрақтылығына ықпал ететін шынайы көрсеткіштері негізінен теріс мәнге ие болды.

Банк жүйесіне деген сенімділік халықтан және ұйымдардан тартылған салымдардың жоғары деңгейі арқылы жанама түрде байқалады. Банктердің жеке және заңды тұлғалардан (банктер мен халықаралық қаржы ұйымдарын есептемегенде) тартқан салымдардың жалпы сомасы 2010 жылғы 1 қаңтарда 6 003 млрд.

теңгені құрады, 2009 жыл бойынша 30,8%-ға ұлғайды, соның ішінде жеке тұлғалардың салым сомасы 1 937 млрд. теңгені (2009 жыл бойынша 29,02%-ға өсті), заңды тұлғалардың салым сомасы 4 066 млрд. теңгені құрады (сәйкесінше 31,7%-ға өсті).

Коммерциялық банктердің 2010 жылғы 1 қаңтардағы жиынтық міндеттемелері 12 535 млрд. теңгені құрады (2009 жылғы 1 қаңтарда 10 437 млрд. теңгені құрады), оның ішінде резидент емес тұлғалар алдындағы міндеттемесі 4 209 млрд. теңгені немесе жиынтық міндеттемелердің 33,6% (2009 жылғы 1 қаңтарда сәйкесінше 4 689 млрд. теңге немесе 44,9%) құрады.

ҚР ЕДБ міндеттемелері (млрд. тг.)



2009 жыл ішінде активтер сапасының нашарлауына және өнімдердің жаппай ұлғаюына байланысты екінші деңгейлі банктердің белсенділігінің төмендеуі жыл қорытындысы бойынша коммерциялық банктердің үлестірілмеген таза шығысының 2 834 млрд. теңгеге дейін ұлғаюына әкеп соқты.

Ақпарат көздері:

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігі
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Статистикалық бюллетені
- Қазақстан Республикасы Статистикалық агенттігінің «Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы» ақпараттық-аналитикалық журналы
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Статистикалық бюллетені

ЦЕНТРКРЕДИТ БАНКІНІҢ 2009 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІНЕ ШОЛУ


Аудит жасалған шоғырландырылған қаржы есептілігіне сәйкес Банк 2009 жыл бойынша жиынтық активтерінің мөлшері бойынша 4-орынға және меншікті капиталы бойынша 6-орынға ие болды.

Есепті кезең ішінде Банк активтерін 23,4% -ға ұлғайтты, бұның жиынтық мәні 1 160,6 млрд. теңгені құрады. Банктің ұстамды саясаты 2009 жылдың қиын жағдайларында 3,5 млрд. теңге мөлшерінде таза пайда алуға мүмкіндік берді.

Банктің жеке тұлғаларының депозиттік базасы 2009 жылы 44,6% -ға өсті, бұл кезеңдегі Қазақстанның банк жүйесіндегі халықтың депозиттері 29,1% -ға ұлғайды. Нәтижесінде Банктің жеке тұлғалардың депозиттер нарығындағы үлесі бір жыл ішінде 13,2% -дан 14,1% -ға дейін өсті.

Банк Қазақстандағы шағын және орта бизнесті қаржыландыруда да жетекші орындарға ие.


Ірі корпоративтік клиенттердің несиелік портфеліндегі қомақты үлесі шамамен 23% құрайды, бұл кезде экономиканың құрылыс секторының табиғи төмендеуі байқалады, ал экономиканың сауда және қызмет сияқты салаларында Банк белсенділігін сақтады.



- Корпоративтік
- ШОБ
- ЕҚДБ
- Бөлшекті


АКТИВТЕР

2009 жылы Банктің активтері 23,4%-ға өсті және 1 160,6 млрд. теңге деңгейіне дейін жетті. Қазақстанның банк жүйесінің жиынтық активтеріндегі ЦентрКредит Банкінің үлесі өткен жылмен салыстырғанда 2,1%-ға ұлғайып, 10,0%-ды құрады.



КАПИТАЛ

2009 жылы Банктің капиталы 3,2%-ға өсті және 2010 жылғы 1 қаңтарда 97,6 млрд. теңгені құрады.




ПАЙДАЛЫЛЫҚ

2009 жылы банктердің несиелік белсенділігінің төмендеуі бета-лысы байқалды, сондай-ақ провизияны ұлғайтуға әкеп соққан несиелік портфелінің сапасының нашарлауы серпінділігі сақталды. Бұл банк секторының капитализациясына қысым көрсете отырып, пайдалылық көрсеткіштерінің төмендеуіне әкеп соқты.

2009 жылы ЦентрКредит Банкінің пайдалылық көрсеткіштері ROA - 0,33%, ROE - 3,59% болғанда, жалпы банк жүйесі бойынша орташа көрсеткіштер сәйкесінше «-1,35%» және «-12,59%» («БТА Банк» АҚ және «Альянс Банк» АҚ есептемегенде) құрады.

2009 жылы Банк пайдасының 59,3%-ға төмендеуінің басты факторы несиелік портфеліне қарсы қосымша провизия құру қажеттігі болды.




НЕСИЕ

2009 жыл бойынша Банктің несиелік портфелі негізінен ұлттық валютаның құнсыздануының есебінен 12%-ға өсті және жылдың соңында 726,8 млрд. теңгені құрады. Портфельдің құрылымы елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ.

Өткен жыл жалпы банк жүйесі үшін ауыр жыл болды, бұл өз алдына несиелік сапасының нашарлауына әсер


етті. Банктің несиелік портфелінің сапа көрсеткіштері әлдеқайда жақсы, бұған қалыпты консервативті несиелік саясаты және несиелік портфелінің жақсы әртараптандырылуы септігін тигізді. «Банк ЦентрКредит» АҚ қорларының деңгейі 2009 жылы 7%-дан 9%-ға дейін ұлғайды (ҚЕХС бойынша) және абсолютті мәнде 67 млрд. теңгені құрады,

ал NPL деңгейі 3,3%-дан 3,5%-ға дейін ұлғайды (ҚЕХС бойынша). Осы арқылы Банк тұтындауы мүмкін тәуекелдіктерді өтеу үшін қорлардың жеткілікті деңгейін құрайды және жоғарыда көрсетілген көрсеткіштер Банктің несиелік бойынша шығындарды абсорбациялауының жоғарғы мүмкіндіктерін көрсетеді.



Экономиканың әр түрлі секторларын несиелеу кезінде Банк әртараптандыру саясатын қолданады, оның негізгі мақсаты – салалық тәуекелдіктің Банк қызметіне теріс әсер етуін шектеу.

Экономика салаларын несиелеуде несиелік портфеліндегі ең қомақты меншікті салмақ саудаға, құрылысқа, тамақ өнеркәсібіне, өндіріске және ауыл шаруашылығына тиесілі болып келеді: олардың үлесі жалпы несиелік портфелі көлемінің 49%-н құрайды. Несиелік портфелінің салалық құрылымындағы жеке тұлғалар 35% құрайды.



Банк «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры және жергілікті атқарушы органдар арқылы іске асыралатын шағын және орта бизнесті қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Екінші дәрежелі банктер ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеумен айналысатын кәсіпорындарға айналымдағы қаражатын толықтыру үшін беретін несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемесін (мүддесін)

қаржыландыру» бюджеттік бағдарламасына белсенді түрде қатысады.

Неміс даму банкі (DEG), Азия даму банкі, Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC), Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕКДБ) және Германия Үкіметі бағдарламасының (GTZ) желісі бойынша шағын және орта бизнесті қаржыландыру бойынша халықаралық бағдарламаларды іске асыру жөніндегі ынтымақтастық жалғастырылуда.

Еуразиялық даму банкімен, Қазақстанның даму банкімен өзара

нәтижелі іс-әрекеттесу клиенттерге ұзақ мерзімді инвестициялық немесе экспорт алдындағы қысқа мерзімді қаржыландыру алуға көмек береді.

Банк отандық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді қаржыландыруға байланысты жобалар бойынша Мемлекеттік азық-түлік корпорациясымен белсенді түрде ынтымақтасуды жалғастыруда.


Банк өз бағдарламасының аясында және Қазақстандық ипотекалық компанияның бағдарламасы бойынша халыққа ипотекалық несие беру жұмыстарын жүргізуде.

Бөлшекті несие беру

01.01.2010 жылы Бөлшекті несие беру бойынша несие портфеліне 80 159 несие кірді.

Бөлшекті несиелеудің барлық бағдарламасы бойынша 01.01.2010 жылғы жеке тұлғалардың несие портфелі өткен 2009 жылмен салыстырғанда 0,04%-ға төмендеді және 190 159 млн. теңгені құрады.

Бөлшекті несие беру бойынша несие портфелінің қарқыны (млн. теңге)



2009 жыл ішінде жалпы сомасы 22 314 млн. теңгені құрайтын 6 864 бөлшекті несие берілген, оның ішінде ипотекалық несие бойынша – 11 752 млн. теңге сомасындағы 2 225 несие, тұтыну қарыздары бойынша – 10 562 млн. теңге сомасындағы 4 639 несие.

Банк тарапынан 2009 жылы бөлшекті несиелеу бойынша бизнес-процестерді, бақылау және мониторинг жүйелерін жетілдіру бойынша елеулі жұмыстар жүргізілді.



Сандық. XX ғ. басы.
[18-ДНИК]
Халық шебері
Жамбыл облысы
Ағаш, металл, ою, әшекейлеу
88,7x40,5x37,5


Сандық – сундук. Начало XX в.
[18-ДНИК]
Народный мастер
Жамбылская область
Дерево, металл, резьба, роспись
88,7x40,5x37,5

Депозиттер


Банктің заңды тұлғалар бойынша депозиттік портфелі 2008 жылмен салыстырғанда 2009 жылы 148624 млн. теңгеге немесе 68 %-ға өсіп, 2010 жылғы 01 қаңтардағы мәліметтер бойынша 368194 млн. теңгені құрады.

Бір жыл ішінде бизнес-клиенттер үшін салымдардың/төмендемейтін қалдықтардың ең төмен сомаларына және депозиттер мерзіміне қатысты салым талаптары қайта қарастырылды. Салымдардың жаңа талаптары нарықтың барлық сегменттерінің өкілдерінің салымдарына тиімді шарттармен ақшаны орналастыру мүмкіндігін ұлғайтты. Сондай-ақ клиенттерге салымды орналастыру мерзіміне және валютасына байланысты икемді пайыздық мөлшерлемелер ұсынылды.

Заңды тұлғалардың депозиттерінің өсу қарқыны (млн.теңге)



Жылдың соңында жеке адамдардың банктік есепшоттарындағы ақша қалдығы 286 743 млн. теңге болды, 2008 жылмен салыстырғанда өсімі 88 430 млн. теңгені немесе 44,6%-ды құрады. Мерзімді есепшоттардың саны 23 338 артып, 121 905 құрады. 2009 жылдың соңында Банктің нарықтағы үлесі 14,8% құрады.



ЖТ банктік есепшоттарындағы ақша қалдығы

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

«Банк ЦентрКредит» АҚ тұрақты және байсалды қарқынмен дамып келе жатқан банк ретінде көпшілікке танымал, бұл оның халықаралық қаржы нарығындағы ұстанымдарын бекіте түсуге мүмкіндік береді. Халықаралық қатынастарын дамыту стратегиясы шетелдік қаржы институттарымен ынтымақтастығын дамытуға және бекітуге, сондай-ақ сауданы қаржыландыру, халықаралық қарыз алу және т.б. салаларда Банк көрсететін қызметтер мен ұсынатын өнімдерінің ауқымын кеңейтуге бағытталған.

Халықаралық капитал нарықтарына шығу әлдеқайда қысқарса да, 2009 жылы ЦентрКредит Банкі шетелдік әріптестерімен келісім жасап, 319 млн. АҚШ доллары шамасында қарыз қаражатын тартты. Бұл қаражат негізінен сауданы қаржыландыру бойынша халықаралық қаржы институттарынан және шетелдік банктерден алынды. Мұндай қарыз беру – шетелдік әріптестері тарапынан ЦентрКредит Банкінің іскери беделі жоғары, саясаты ұстамды, тұрақты қаржы институты ретінде бағаланатынының куәсі.

2009 жылы Банк өзінің халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастығын жалғастырды. Еуропалық қайта құру және даму банкі («ЕҚДБ») берген қарыздың көлемі есепті кезеңнің соңында әр түрлі бағдарламалар бойынша 126 млн. АҚШ долларынан асты. Банк ЕҚДБ төмендегі бағдарламаларына қатысады: Микро, шағын және орта кәсіпорындарды қаржыландыру бағдарламасы, Сауданы қаржыландыру бағдарламасы, Ауыл шаруашылығы жабдықтарын лизингке алу бағдарламасы, Ипотекалық несие беру бағдарламасы және Энергия тиімділігін арттыру және жаңартылатын энергия көздерін игеру саласындағы жобаларды қаржыландыру бағдарламалары. 2009 жылы Банк пен ЕҚДБ арасында Микро, шағын және орта кәсіпорындарды қаржыландыру бағдарламасы бойынша US\$50 млн. сомасында екінші несиелік келісімге қол қойылды.

Халықаралық қаржы ұйымдарымен белсенді ынтымақтастығын жалғастырды. Соның нәтижесінде 2009 жылы Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC) Банкке берген ресурстардың жалпы көлемі 215 млн. АҚШ долларын құрады, оның ішінде 45 млн. АҚШ долларын IFC Банктің шағын және орта бизнестің сан алуан салаларындағы, сондай-ақ ауыл шаруашылығы саласындағы клиенттерін несиелендіру бағдарламасын қолдау үшін берсе, 85 млн. АҚШ долларын екінші дәрежелі капиталды арттыру үшін берді. Сонымен қатар IFC «Банк ЦентрКредит» АҚ акцияларының 10%-н сатып алып, 85 млн. АҚШ долларынан артық қаражатты Банктің акционерлік капиталына инвестициялады.

Қазақстандағы ең өтімді банктердің бірі болғандықтан, Банк 2009 жылдың басында халықаралық қарыз капиталы нарықтарында орын алған жағымды бағалық жағдайларды қазақстандық эмитенттердің құралдарына қатысты пайдаланып, бұрын шетелдік қаржы институттары берген бірқатар екіжақты қарыздарды дисконтпен сатып алды. Осындай операциялардың нәтижесінде Банк 14 млрд. теңгеден асатын мөлшерде таза табыс алды.

2005 жылдан бастап Банк шамамен US\$1.3 млрд. құрайтын сомаға бес еурооблигациялар шығарылымымен жүзеге асырып, орналастырды. Оның ішінде US\$200 млн. 2008 жылы өтелді. 2006 жылы бондтар Банктің кепілдігімен оның еншілес ұйымы CenterCredit International B.V. арқылы шығарылған. 2009 жылы айтарлықтай шамадағы өтімділігі Банкке өзінің еурооблигациялар бойынша инвесторлары алдындағы сыртқы қарыздарының бір бөлігін сатып алып, Банктің сыртқы қарызының мөлшерін біршама азайтуға мүмкіндік берді.

ТМД елдеріндегі, Қазақстандағы және қиыр шет елдердегі қаржы институттары арасындағы корреспонденттік қатынастар беки түсті. Есепті жылы Банк өзінің лоро-респонденттер желісін кеңейтті, 2009 жылы олардың санына тағы да 7 банк қосылды. Қазіргі уақытта Банк 36 респондент-банктерге клиринг қызметін көрсетеді.

2009 жылдың басында Moody's Investor Service халықаралық рейтинг агенттігі ЦентрКредит Банкінің қаржылық тұрақтылық рейтингін «D-» дәрежесінен «E+» (жағымсыз болжам) дәрежесіне дейін төмендетті, ал шетелдік валютадағы ұзақ мерзімді депозиттік рейтингін «Ba1» дәрежесінен «Ba3» дәрежесіне дейін төмендетті. Мұндай төмендету акциясы еліміздегі 15 қаржы институтына қатысты қолданылып, ұлттық валютаның девальвациясына байланысты Қазақстан нарығындағы жағымсыз жағдайды сипаттады.

2009 жылдың ішінде Fitch Ratings агенттігі Қазақстандағы бірқатар банктердің, соның ішінде ЦентрКредит Банкінің де эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін («ЭДР») төмендетті. Мұндай рейтингтерді төмендету агенттіктің БТА Банк пен Альянс Банктің дефолтына, сондай-ақ 2009 жылы жүргізілген ұлттық валютаның девальвациясына байланысты Қазақстан өкіметінің республикамыздың қаржы секторына көмек көрсету қабілеті мен соған дайындығын талдауының нәтижесінде орын алды.

2009 жылдың тамыз айында Fitch Ratings агенттігі ЦентрКредит Банкінің эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін «B» дәрежесінде растап, рейтинг бойынша «Дамушы» болжамын сақтады.

Банктің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша рейтингтері

Moody's Investor Service

Болжам: жағымсыз

Банк депозиттерінің рейтингі: Ba3 /NP

Қаржылық тұрақтылық рейтингі: E +

Fitch Ratings

Эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингі: B

Эмитент дефолтының қысқа мерзімді рейтингі: B

Болжам: дамушы

Жеке рейтингі: D/E

Қолдау рейтингі: 5

Құжаттамалық бизнес және сауданы қаржыландыру

Құжаттамалық бизнес пен сауданы қаржыландыру Банктің халықаралық қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады. Халықаралық қаржылық дағдарыстың және Қазақстанның кейбір банктерінің қарыздарын қайта құрылымдауының салдарынан шетелдік қаржы институттары ашқан несие желілерінің жалпы көлемінің қысқаруына қарамай, Банк 2009 жылы осы салада көрсететін қызметтері бойынша өзінің нарықтағы орнын сақтап қана қоймай, оны бекіте түсті. Құжаттамалық бизнес және сауданы қаржыландыру саласында жасалған мәмілелердің жалпы сомасы 222 млн. АҚШ долларын құрады, оның ішінде:

- 177 млн. АҚШ долларынан астам сомада импорттық аккредитивтер;
- 10 млн. АҚШ доллары сомасында импорттық кепілдіктер;
- 35 млн. АҚШ доллары сомасында импорт алды және экспорт алды қаржыландыруға арналған құралдар.

Жоғарыда көрсетілген мәмілелердің жартысынан көбі, атап айтқанда шамамен 120 млн. АҚШ долларына сәйкес Сауданы қаржыландыру бағдарламаларының аясында ЕҚДБ және IFC кепілдік берді. Жоғарыда көрсетілген халықаралық қаржы институттарының пайымдауынша, Банк 2009 жылы саудаға қолдау көрсету бағдарламаларының аясында Қазақстандағы ең белсенді банк болып танылды.

Сонымен қатар 2009 жылы Банк 168 млн. АҚШ долларынан астам сомада экспорттық құжаттамалық операцияларды (аккредитивтер, кепілдіктер, инкассо) өңдеді.

ҚОР НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖӘНЕ БАНКАРАЛЫҚ НАРЫҚТАРДАҒЫ ОПЕРАЦИЯЛАР

«Банк ЦентрКредит» АҚ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталарын орналастыру бойынша бастапқы дилер болып табылады, Қазақстан қор биржасында мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу-сату бойынша брокер қызметтерін көрсетеді.

Атауы	2009 жыл соңындағы көлемі
Бағалы қағаздар портфелі, барлығы	214 949
Оның ішінде:	
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары	195 648
Мемлекеттік емес бағалы қағаздар	19 301

млн. теңгемен

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, «Қазақстанның ипотекалық компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ-тың облигацияларымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының екінші дәрежелі банктерінің облигацияларымен операциялар жүргізіледі.

Банк USD/KZT жұбы бойынша банкаралық сауда-саттықта ең белсенді маркет-мейкерлердің бірі болғандықтан, валюталық ішкі нарықтағы жетекші орындардың бірін иеленеді. Банкте кәсіби біліктілігі жоғары дилерлер жұмыс істейді, олардың пікірі мен болжамын нарықтық қатысушылары да, Reuters ақпарат агенттігі де назарға алады.

Банктің валюталық операциялар бойынша қызметінің негізгі көрсеткіштерінің қарқыны:

Көрсеткіш	2008 жыл	2009 жыл
USD/KZT бойынша мәміле көлемі	12,4 млрд. АҚШ доллары	18,6 млрд. АҚШ доллары

Банктің Корпоративтік клиенттермен ынтымақтастығының нысандары жетілдірілуде, ішкі және сыртқы нарықтардағы валюталық операциялар бойынша қызмет көрсету сапасын арттыратын технологиялар дамытылуда, валюталық қаржы құралдарының ауқымы кеңейтілуде.

Кастодиандық қызмет

Кастодиандық қызмет аясында Банк клиенттердің активтерінің есебін жүргізу және сақтау бойынша қызмет көрсетеді.

Кастодиан ретіндегі «Банк ЦентрКредит» АҚ клиенттерінің активтері:

Клиенттер	2008 жыл, млн. теңгемен	2009 жыл, млн. теңгемен
Жинақтаушы зейнетақы қорлары	40 705	54 060
Инвестициялық қорлар	74 401	7 032
Заңды тұлғалар	24 933	58 145
Құжаттамалық сақтау қызметін тұтынатын заңды тұлғалар	33 909	28 180
Облигацияларды ұстаушының өкілі болу қызметін тұтынатын заңды тұлғалар	131 000	124 000
БАРЛЫҒЫ:	304 948	271 416



Сандық қап – азық-түлік сақтауға арналған қобдиша, қаптамасымен. XX ғ. ортасы.

[кп - 2166]

Халық шебері

Батыс Қазақстан.

Былғары, қабу, кестелеу

42x39x80

Сандық қап – ларь для хранения продуктов с чехлом к нему. Середина XX в.

[кп - 2166]

Народный мастер

Западный Казахстан.

Войлок, стежка, вышивка

42x39x80

ӨНІМДЕР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР

«Интернет-банкинг» жүйесі

2009 жылы Банктің «Интернет-банкинг» жүйесіне қосылған клиенттерінің саны 31%-ға артып, бүгінгі таңда шамамен 14,5 мың заңды тұлғаны құрайды.

Құжатайналым көрсеткіші клиенттердің Банк арқылы өткен шығыс құжаттарының жалпы санының 60%-ынан асты.

2009 жылы Банктің филиалдарында қосымша 7 Интернет-киоск ашылды. Интернет-киоскілерде «Интернет-банкинг» жүйесін тұтынушылар да, «Үйдегі банкинг» жүйесін пайдаланушылар да жұмыс істей алады.

«Үйдегі банкинг» жүйесі

2009 жылдың соңында «Үйдегі банкинг» жүйесін пайдаланушы клиенттердің саны 9350 адамға жетті. 2009 жыл ішінде «Үйдегі банкинг» жүйесі арқылы жасалған төлемдер мен ақша аударымдарының үлесі жеке адамдардың депозиттер бойынша жасалған операцияларының жалпы санының 4%-ынан асты.

Western Union

«Банк ЦентрКредит» АҚ халықаралық Western Union компаниясының Орталық Азиядағы алғашқы ресми өкілі болып табылады және ол 1998 жылдан бастап жеке адамдарға халықаралық ақша аудару қызметін ұсынып келеді.

Western Union жүйесі бойынша Will Call (жеке адамдар арасындағы ақша аударымдары) ақша аударымдарынан бөлек Банк Quick Pay (Western Union жүйесіне қосылған заңды тұлғалардың пайдасына жасалатын жеке адамдардың төлемдерін) төлемдерін де қабылдайды.

2009 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың агенттік желісі 1 048 қызмет көрсету пунктінен тұрады.

«КЛУБ 500» бағдарламасы бойынша 2009 жылы жүргізілген Сапа аудитінің қорытындысы бойынша Банктің Алматы қалалық филиалы жеңімпаз атанып, Еуропа, Орталық Шығыс, Африка және Оңтүстік Азия елдерінде «Western Union» жүйесі бойынша қызмет көрсету сапасы жөнінен ең үздік алғашқы бес пункттің қатарына кірді.

Жедел аударымдар

«Жедел аударымдар» жүйесі банктің өзі әзірлеген бағдарламасы болып табылады және 2000 жылдың маусым айынан бастап сәтті қызмет атқарып келеді. Бұл Жүйе жеке адамдардың есепшот ашпай-ақ бүкіл Қазақстан бойынша ақша аударуына мүмкіндік береді. Жүйенің бірегейлігі оның жылдамдығында, оған Интернет-технологиялар мен Банктің корпоративтік желісін пайдалану арқылы қол жеткізуге болады. Қазіргі сәтке дейін тіркелген рекордтық жылдамдық – 2 секунд.

Банк Жүйені пайдаланушылардың ұялы телефондарына ақшаның аударылғаны немесе аударылған ақшаның берілгені туралы хабарлама жіберу қызметін де ұсынады.

2009 жылы Қазақстан Республикасының аймағында «Жедел аударымдар» жүйесі бойынша жүргізілген жеке адамдардың ақша аударымдарының көлемі 6,8 млрд. теңгені құрады. Осы Жүйе бойынша 2009 жылы 129 мыңнан астам ақша аударымдары жүзеге асырылды.

Жедел түсім

«Жедел түсім» жүйесі бойынша Банк ұсынатын қызмет осы жүйеге қосылған компанияның пайдасына Қазақстан Республикасының бүкіл аймағы бойынша ақша түсімін жедел жинауға мүмкіндік береді, сондай-ақ түсетін ақша төлемдері жайында нақты уақыт режимінде шұғыл ақпарат алуды қамтамасыз етеді. Қазіргі сәтте «Жедел түсім» жүйесін Қазақстанның барлық аймақтары бойынша 1 819 заңды тұлға пайдаланады.

2009 жылы «Жедел түсім» жүйесі бойынша 2,6 млн. төлем қабылданып, заңды тұлғалардың есепшоттарында 73,8 млрд. теңгеден астам қаражат аударылды.

Жол чектерімен жасалатын операциялар

Банк American Express компаниясымен өзінің жол чектері саласындағы ынтымақтастығын 1995 жылы бастап, жыл сайын сатылым көлемін арттыра түсуде және осы қаржы құралын дамыту және оны Қазақстан Республикасының банк өнімдері мен қызметтері нарығына тарату бойынша өзінің ұстанымдарын бекіте түсті.

2009 жылдың басынан бастап 13,5 млн. АҚШ доллары, 8 млн. ЕУРО сомасына жол чектері сатылды. Долларға шаққанда жол чектерін сату көлемі 24,6 млн. АҚШ долларын құрады.

Сатылымдар нарығында орын алған теріс қарқынға қарамастан, ЦентрКредит Банкі Қазақстан Республикасының екінші дәрежелі банктері ішінде айқын көшбасшы болып келеді және ТМД елдері банктерінің арасында үшінші орынды алады.

Ақпараттық анықтама қызметі және телефондық банкинг

Call Center (телефондық анықтама қызметі). 2009 жылдың қорытындысы бойынша клиенттердің қашықтан берген 460 мыңнан астам тапсырысы орындалды, оның ішінде 355 мыңы клиенттерден телефон арқылы түскен сұраныс болса, шамамен 9 мыңы Call Center операторларының қоңырау шалулары (корпоративтік маркетингтік зерттеулер, клиенттерге жіберілген ақпарат), сондай-ақ клиенттердің қызмет көрсету сапасы бойынша 822 өтінімі тіркелді.

Телефондық банкинг жүйесі (ТБЖ) – есепшоттарды және VISA карточкаларын басқару бойынша қашықтан қызмет көрсету, бұл жүйе клиенттерінің жалпы саны 46 мыңнан асса, 2009 жылы ТБЖ арқылы 186 мыңнан астам транзакция жасалды. Қызмет қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде көрсетіледі.

Банктің сыртқы сайты www.centercredit.kz. 2009 жылы осы сайттың түрлі беттері 1 млн. 906 мыңнан астам қаралған.

ТӨЛЕМ КАРТОЧКАЛАРЫ

ЦентрКредит Банкі шығарылған карточкалар саны мен эквайринг жүйесін дамыту бойынша Қазақстан Республикасының төлем карточкалары нарығында жетекші төрт банктің қатарына кіреді.

2010 жылғы 01 қаңтардағы мәліметтер бойынша айналымдағы карточкалар саны бойынша банктің нарықтағы үлесі 6,9% болды. 2009 жылы шығарылған карточкалардың саны 266 807 карточканы құрады. 2009 жылдың басындағы көрсеткіштермен салыстырғанда, айналымға шыққан карточкалар санының өсімі 33%-ды құрады.

Банкоматтар арқылы жасалған

транзакциялардың көлемі 60%-ға артып, 293 млрд. теңгеден асты. Сауда желісіндегі айналым 100%-ға артып, 5,4 млрд. теңгені құрады.


ЦентрКредит Банкінің карточкалары бойынша қолма-қол ақшасыз жасалған төлемдердің саны 2009 жылы 1 195 921 болса, олардың көлемі 5 298 млн. теңгені құрады.

2008 жылмен салыстырғанда, банктің өзіне-өзі қызмет көрсету желісі әлдеқайда кеңіді, қолдануға болатын банкоматтардың саны – 542 дана. Сауда және сервис мекемелерінде 897 pos-терминал орналастырылған, 438 pos-

терминал банктің филиалдарында қызмет көрсетеді.

2009 жылы Банк карточкалар бойынша ұсынылатын өнімдерінің санын көбейту жөнінен біршама жұмыстар жүргізді. Жаңа карточкалық өнімдер енгізілді: «Gift Card» сыйлық картасы, Visa Virtuon картасы (интернет арқылы сауда жасайын клиенттерге арналған). «Жинақтаушы» өнімін және кеден төлемдерін төлеу сияқты жаңа қызметтерін енгізу арқылы төлем карталарының функционалы кеңейтілді. Өзіне-өзі қашықтан қызмет көрсету мүмкіндіктері көбейді (Cash in банкоматтары).

Айналымдағы карточкалар санының өзгеру қарқыны, дана



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

Банк қызметкерлерінің 77% жоғары кәсіби мамандық алған. Орта және жоғары дәрежелі 44 менеджердің Іскерлік әкімшілік магистрі (MBA) және/немесе Іскерлік әкімшілік докторы (DBA) дәрежесі бар.

Бос лауазымдарға конкурстық іріктеу процедурасы бойынша қызметкерлерді іріктеу жүйесі қолданылады, оның негізінде сараптамалық сұхбат, кәсіби және психологиялық тестілеу қолданылады. Банктің өзіндік түйіндемелер қоры бар, сондай-ақ ол рекрутинг агенттіктерінің және бұқаралық ақпарат құралдарының қызметіне жүгінеді. Бастапқы және жетекші лауазымдарға үміткер мамандардың резервтік қоры жасақталған. 2009 жылы 434 қызметкердің (немесе 12 %) лауазымы көтерілді.

Банк Қазақстан Республикасының жетекші оқу орындарымен белсенді түрде бірлесіп қызмет етеді. 2009 жылы Банктің Бас офисінде 26 жоғарғы оқу орны мен колледждердің 82 студенті тәжірибеден өтті, сондай-ақ 17 жас маман қызметіне машықтанды.

Заман талаптарына сай қызметкерлерді бағалау жүйесі қолданылады. 2009 жылы Бас офистің 548 қызметкерінің құзыреттілігі (басқарушылық, кәсіби және корпоративтік) бағаланды.

Сондай-ақ қызметкерлердің кәсіби білімін бағалау үшін 7 998 тест өткізілді.

Банкте мамандардың біліктілігін жетілдіру бойынша көп жоспарлы жүйе қолданылады. Өткен жыл ішінде 3145 тыңдаушы арнайы оқу бағдарламаларына тартылды, оның ішінде 405 қызметкер

Қазақстандағы және шет елдердегі сыртқы оқу орындарында қысқа мерзімді оқытуға қатысса, 2740 қызметкер банктің корпоративтік оқу орталығында білімі мен дағдыларын жетілдірді. 2009 жылы аймақтық техникалық оқыту және қашықтан оқыту сияқты жаңа бағыттар іске қосылып, сәтті қолданылып келеді.

Корпоративтік мәдениет пен корпоративтік құндылықтарды дамыту мәселелеріне де айтарлықтай көңіл бөлінуде. Банк ұжымы ішінде шығармашылық сайыстар, спорттық турнирлер, қайырымдылық акциялары және басқа да корпоративтік іс-шаралар жүргізілуде. Ай сайын ішкі корпоративтік басылым – «Біздің хабаршы» («Наш вестник») газеті шығарылады.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Қаржы тобы ретінде жоғары сапалы сервис ұсыну мақсатында Банк өзінің ақпараттық ресурстарын «Банк БЦҚ-Мәскеу» ЖШҚ, «Центр Лизинг» ЖШС, «Капитал» ЖЗҚ АҚ, «BCC Invest» АҚ тұлғасындағы еншілес ұйымдарының ақпараттық

ресурстарымен біріктірді. 2009 жылы банктің корпоративтік желісін дамытуға 45 миллион теңгеден астам қаражат инвестицияланды.

Карточка өнімдері де жоғары қарқынмен дамуда. Өнімдердің қызметін толықтыру, сол сияқты

оларға қолдау көрсететін, сүйемелдейтін ақпараттық технологиялар тұрғысынан Kookmin банкінің заманауи жоғары технологиялы әзірлемелері енгізілуде және жетілдірілуде.



ӨНІМДЕР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ӨТКІЗУ ЖЕЛІСІ


«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың өнімдері мен қызметтерін өткізу желісі 2010 жылғы 01 қаңтардағы мәліметтер бойынша 20 филиал мен 179 құрылымдық бөлімшеден тұрады.


Банктің Республикамыздың барлық ірі қалалары мен облыс орталықтарында филиалдары бар. Жалпы алғанда, банктің филиалдары мен құрылымдық бөлімшелері Қазақстанның бүкіл аймағы бойынша 50-ден астам елді мекенді қамтыған.

Филиалдардың құрылымдық бөлімшелерінің шамамен 90%, құрылу нысанына (VIP-орталық, ҚҚО, ЖҚО, ЕКБ) қарамай, банк қызметінің барлық түрлерін ұсынады.

Банктің есепті жыл ішіндегі шығысын қысқарту мақсатында өткізу желісі оңтайландырылып, нәтижесінде филиалдардың 12 құрылымдық бөлімшесі жабылды.

Филиалдар және филиалдардың құрылымдық бөлімшелері (саны)





Кебеже – азық-түлік сақтауға арналған қобдиша. XIX ғ. аяғы.

[411-пр]
Халық шебері
Ағаш, ою, әшекейлеу
87х57,5х45

Кебеже – ларь для хранения продуктов. Конец XIX в.

[411-пр]
Народный мастер
Дерево, резьба, роспись
87х57,5х45

ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАР

«BCC Invest» АҚ

«BCC Invest» АҚ Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы болып табылады және заңнамада белгіленген барлық рұқсаттар мен лицензияларға ие.

